

**ФОНД ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН –
ЛИДЕРА НАЦИИ**

СОВЕТ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ



**Весенняя сессия молодых учёных социологов и социальных работников
Казахстана**

**«КУЛЬТУРНЫЙ КАПИТАЛ И СТАТУСНЫЙ СИМВОЛИЗМ
В ПОСТСОВЕТСКОМ ОБЩЕСТВЕ»**

Сборник международных статей

Алматы 2016 г.

Қазақ Ұлттық Университетінің «Философия және саясаттану» факультетінің «әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының әлеуметтану мамандығын игеріп жатырмын. Біздің білім алып, келешекте қандай да бір маман иесі болуымызға себепкер болатын ол бірден-бір Ұстаздар екенің білеміз. Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған. «Тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді» деп Әл – Фараби атамыз айтқандай ұстаздарға ілтипат таныту – адамгершілігіңнің ілгері басуының бір қадамы. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Реформирование высшего образования в Казахстане и Болонский процесс: информационные материалы для практических действий – Алматы, 2009 – 120 с.
2. <http://www.uniface.kz/index.php?post=article§ion=4&id=26>
3. “Егемен Қазақстан” Республикалық газеті” ААҚ, 2006 Сүлеймен Мәмет.
4. <http://el.kz/m/articles/view/content-4021> El.kz әлеуметтік желісі

*Шабденова Айжан Базархановна,
КазНУ им.Аль-Фараби, докторант 1 курса,
кафедра социологии и социальной работы*

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СТАТУС КАЗАХСТАНСКИХ СЕМЕЙ

Семья является одним из основных социальных институтов, наряду с экономической и политической системами, религией и образованием. Роль семьи значительна, поскольку никакая другая социальная группа не привносит столько значения для нормального физического и культурного воспроизводства общества. В связи с серьезной трансформацией казахстанского общества, начавшейся в последнем десятилетии прошлого века и продолжающейся по сей день, изменились многие социальные связи, обусловившие изменения семьи. Меняются основы экономического функционирования семьи, возможности деятельности и самовыражения, внутренние связи между членами семьи, ценностные ориентации и жизненные приоритеты. Нестабильность семьи приводит к росту неполных семей, снижает родительский авторитет, что отражается на возможностях формирования новых семей, на здоровье взрослых и детей. В целом, это свидетельствует о таких крайне негативных и деструктивных общественных явлениях как ослабление института семьи и семейно-брачных отношений. Решение проблем института семьи немыслимо без изучения механизмов внутрисемейных отношений. Социально-психологический климат в семье определяет устойчивость этих отношений, оказывает решительное влияние на развитие и детей, и взрослых.

Все это доказывает необходимость постоянного мониторинга состояния семьи, и разработки действенных мер социальной помощи семье со стороны государства. В

УДК 008 (082)

ББК 71.0

В 38

	ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР: АБДИРАЙЫМОВА Г.С. – член Совета молодежной политики при Фонде Первого Президента Республики Казахстан - Лидера Нации, доктор социологических наук, профессор кафедры социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР: АМИТОВ С.А. – кандидат социологических наук, доцент кафедры социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби АЛТЫНБЕКОВ А.Б. – доктор PhD кафедры социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби
В 38	Весенняя сессия молодых ученых социологов и социальных работников Казахстана «Культурный капитал и статусный символизм в постсоветском обществе»: Сб. межд. статей, (г. Алматы, 3-4 мая 2016 г.). – Алматы, 2016. 130 с. Каз., рус. ISBN 978-601-294-239-2

В настоящий сборник вошли материалы Весенней сессии молодых ученых социологов и социальных работников «Наука и инновации молодых ученых: образовательные стратегии» (г.Алматы, 3-4 мая 2016 года).

Материалы предназначены для молодых ученых, исследователей, преподавателей, студентов и аспирантов, интересующихся проблемами развития современного общества.

УДК 008 (082)

ББК 71.0

ISBN 978-601-294-239-2

© «Фонд Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации», 2016

© ИД «Жібек жолы», 2016

Жоғары білім жүйесінің тұрақтылығы оның тұрақты дамуы мен қазіргі әлемдегі өзгермелі жағдайларға қабілеттенуімен тікелей байланысты. Соған байланысты көптеген эксперттер айтып жүрген жоғары білімдегі дағдарыс оның мазмұны мен формаларының реформалау қажеттілігін көрсетеді. Дағдарыс жоғары білімнің халықаралық интеграциясына қажеттілікті күшейтеді. Сондықтан, жоғары білімнің әлем жүйесіндегі интеграциясы бұл объективті дамушы процесс, оны ескермеуге болмайды.

Халықаралық әріптестік жоғары білімнің әлемдік жүйесін дамытудың қозғаушы күші бола отырып бірқатар мәселелерді шешуді қажет етеді:

- Жоғары білім мазмұны мен деңгейлері қоғамның әлеуметтік-мәдени, экономикалық, саяси саласының қажеттіліктерін ескеру;
- Мамандарды даярлау деңгейлерін әртүрлі елдер мен аймақтарда теңдестіру;
- Жоғары білім саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен әріптестікті нығайту;
- Әртүрлі елдердегі білімдер мен дағдыларды бірлесе қолдану;
- Жоғары білімді дамыту мақсатында білім беру мекемелерінің іс-әрекетін координациялау;
- Жоғары білім сапасы мен икемділігін жоғарылату мақсатында ынталандыру жүйесін дамыту [1].

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты — адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Яғни, ХХІ ғасырдың маманы – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген ситуациядан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Ал мұндай мүмкіндіктің негізі - жоғары білімде. Өйткені жоғары білім – үздіксіз білім беру жүйесінің шешуші тетігі. Сондықтан білімгерді тек маман ретінде ғана қарамай, оны өз қоғамының азаматы, жеке тұлға, келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет. Ұлттық үлгідегі жаңа парадигманың негізгі бір мәселесі – білімгерге іргелі де терең, тиянақты да жүйелі білім беру. Іргелі білім берудің міндеті – адамды ғылыми ойлауға, болмысты тану, оны қабылдаудың әдіс-тәсілдерін білуге, өзін-өзі дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге іштей қажеттілігін туғызу.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың: “Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатынын” ерекше атап көрсетуінде де үлкен маңыз бар. Өйткені, кез келген мемлекеттің рухани, әлеуметтік-экономикалық дәрежесі сонда өмір сүретін халықтардың білім деңгейіне қатысты бағаланады. Ендеше, еліміз сенім артып отырған бүгінгі студент, ертеңгі мамандар жаңа заман талабына сай, терең білімді, пайым-парасаты мол, өрелі жастар болуы керек.

Қазіргі Қазақстан қоғамында әлеуметтік-лингвистикалық жүйені реттеу мен жетілдіру жүріп жатыр. Адам өз бейімділігіне лайықты жұмыс істегенде, барын сала кіріскенде ғана еңбегінің жемісін көреді. Ғалым Қ.Жарықбаевтың айтуынша: “Адам үшін іс-әрекетінің қашан да қоғамдық әлеуметтік мәні зор. Іс-әрекеттің саналылығы мен мақсаттылығы, жоспарлылығы мен жүйелілігі оның ең басты белгілері болса, алда тұрған міндетті шешу, яғни ойлаған істен белгілі бір нәтиже шығару – оның екінші бір басты белгісі болып табылады”. Сондықтан ересектердің мемлекеттік қазақ тілін үйренуге бейімділіктері мен белсенділіктерін айқындау мәселесінің зор әлеуметтік мәні бар. Өйткені қоғамымыздың болашақ даму деңгейі осы мәселенің қай дәрежеде шешілуіне тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және жүріп жатқан күрделі жаңғыру үдерісі жағдайында бүгінгі таңдағы түбегейлі мәселе – адамды іс жүзінде қоғамдық дамудың басты тұлғасы ету заңды құбылыс. Ересек тіл үйренушінің әлеуметтену үдерісі де заман талабына сай болып отыр. Адамдардың тұлғалық қарым-қатынасы негізінде ой-пікірлердің тоғысуы жүзеге асады. Адамды тұтастықта тұлға деп тану қоғамды жаңаша құруға мүмкіндік береді. Өзін-өзі үздіксіз дамытып, өз әрекетін өзі дұрыс бағалай алатын тұлғалар ғана бәсекелестікке қабілетті қоғамда өз тиесілі орнын таба алады. «Тұлға - өз-өзіне тұтас дүниемен өзара қатынастарын үнемі баяндайтын және ойдағы әңгімелесушімен ішкі полемика барысында өзін-өзі анықтайтын, кіналайтын, қорғайтын, өзін-өзі жетілдіріп, өзгертетін адам. Тұлға – дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны. Тұлға әлеуметтік тіршілік ету әдісі жағынан дара болады, оның өзіндік дүниесі ерекше өмір жолын белгілейді және ол мазмұны жағынан әлеуметтік жағдайлармен анықталады». Бұған қатысты Д.В.Ольшанский: “Тұлға дегеніміз – қарым-қатынастың, сонымен бірге адамдармен байланысудың толып жатқан басқа да түрлерінің нәтижесі”, - деген пікір білдірген. Б.Г.Ананьев тұлғаның дамуының әлеуметтік мәселелеріне тоқтала келіп: “Тұлға – тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде, белгілі бір қоғамдық-экономикалық формацияда, белгілі бір ұлттық құрамы бар елде қоғамның жеке адамға көптеген экономикалық, саяси, құқықтық, адамгершілік және т.б. әсерлерінің нысанасы”, - деген анықтама береді. Демек, ХХІ ғасырдың бастапқы кезеңін басынан кешіріп отырған 120 қ ұлттан құралған тәуелсіз Қазақстан қоғамы да тіл үйренуші мемлекеттік қызметшілерге жан-жақты әсер етеді. Қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқыту үдерісіне тіл үйренушінің тұлғалық дербестігіне баса көңіл бөлу, оқыту мен тәрбиелеуде оның өзіндік дамуын жеке тұлғаға бағдарланған тәсіл арқылы жүзеге асыру тән. Осыған байланысты қазіргі білім мен біліктілікті арттырудың дамуында жаңа тенденциялар байқалады. Негізгі күш тіл үйренушінің тілдік тұлғасын дамытуға, оның қалыптасуы мен жетілуіне жұмсалады. Қазақ тілін жеделдете оқытудың мақсаты - тілдік тұлғаның өзін дамытуы мен өзін жетілдіруіне мүмкіндік жасау. Оқытудағы бағдар материалдың құрылымы мен нақты жағдайларды логикалық тұрғыдан түсініп, талдау және өнімді қатысымдық әрекет нәтижесінде жаңа білім алудың тәсілдерін ашу, қоғам алдындағы нақты мәселелерді шеше білуге бағытталады.

Қазіргі уақытта біліктілікті арттыру жүйесінде мемлекеттік тілді оқытуда жеке тұлғаның өмірі, құқығы мен бостандығы жоғары құндылық болып саналатын Қазақстан Республикасының Конституциясы басшылыққа алынады, білім беруді ізгілендіру мен демократияландыру ұстанымдары анықтайды. Ол «білгір адам» парадигмасын ауыстыратын «білікті тұлға», «қатысымдық тұлға», «құзыретті тұлға» парадигмасы болып табылады.

Адамзат дамуының тарихи және әлеуметтік тәжірибесі дүниетаным, шығармашылық, терең білімділіктің негізі – тіл екендігін көрсетті. Тіл жеке тұлғаның даму ұстанымдарын, сенімін жүзеге асырады, дүниеге деген қайталанбас көзқарасын білдіреді, болып жатқан жағдайға әсерлену қабілеттілігін көрсетеді. Мемлекетіміз жүргізіп отырған тіл саясаты бойынша қоғамымыздағы әрбір азаматтың мемлекеттік қазақ тілін тегін үйренуіне толық құқығы бар.

Үздіксіз білім беру мазмұнын жаңарту қоғамды ақпараттандыру үрдісінің дамуына байланысты өзгеріске ұшырап отырады, ал мемлекеттік тілді оқытуды ақпараттандыру оқыту мақсаттарына терең деңгейде әсер етеді. Соған сәйкес қазақ тілін жеделдете оқытудың міндеті - адами қарым-қатынасқа дайын, әлеуметтік-лингвистикалық ахуалды дұрыс бағалайтын, мемлекеттік тілді білудің қажеттілігі мен әлеуметтік маңызын терең сезінетін, қазақ тілінде сөйлесім әрекетін жағдаятқа сәйкес үйлесімді қолдана білетін, жоғары азаматтық жауапкершілік пен әлемдік көзқарасының, сана-сезімінің дамуы күнделікті өмір қажеттілігі болып табылатын болашақ ақпараттық қоғам мүшелерінің сапалы жаңа моделін жасақтау болып табылады.

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті халық үшін», «бәсекеге қабілетті экономика үшін» - деген жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі» -деген. Қазіргі заман талабына сай, Елбасының халыққа Жолдауы білім беру ісінде де жыл сайын өзгерістер енгізіп отыр. «Жаңа технологиялық күзірет» бағдарлай білу өз бетінше білім беруде стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді: таңдай білу, талдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, жеткізе білу, жүзеге асыра білу», -деп атап көрсеткен.

«Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық.

Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында. Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы-жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі-мұғалім.

2. Urry, J 2000, 'Sociology of time and space.' in BS Turner (ed.), The Blackwell companion to social theory. Blackwell companions to sociology, Blackwell, Oxford, pp. 416-443.
3. Hassard J. Introduction: The Sociological Study of Time // The Sociology of Time / Ed. by J.Hassard. New York: St.Martin's Press, 1990. P. 1-18.
4. Electronic International Journal of time use research Home page. www.eijtur.org. Retrieved 2016-01-04.
5. ISST Home Page. www.studyoftime.org. Retrieved 2016-08-04.
6. The United Nations Statistics Division Home Page. www.unstats.un.org. Retrieved 2016-08-04.

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс
кафедрасы, әлеуметтану мамандығының
3 курс студенті Қағазшай А.Қ
ғылыми жетекші: оқытушы Султанова А.М.*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРІ

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі - асқақтаған күмбездер де, ғимараттар да, экономикалық жағдай да емес, білімді де білікті, іскер де, белсенді адамдар. "Жастар өзінің ата-анасынан гөрі заманына көбірек ұқсас келеді. (И.С.Кони). Сондықтан қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді.

Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты - білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді.

Жаһандану процесі де ұлттық жоғары білім жүйесінен халықаралық ынтымақтастықтың қажеттілігін есепке алатын жаңа бағыттарды талап етеді. Жоғары білімнің интернационализациясы жүріп жатыр, ол жаңа кезең – интеграцияға айналу. Жоғары білімнің әлемдік әлеуметтік жүйеге айналуы көптеген өзара байланысқан деңгейлер мен және әртүрлі сипаттағы элементтермен сипатталады.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ БІР ТҮРІ РЕТІНДЕ ХАТ ЖАЗЫСУ, ТЕЛЕФОНМЕН СӨЙЛЕСУ, ПОШТА, ТЕЛЕГРАФ ХАБАРЛАРЫ НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ХАБАРЛАР ҚҰПИЯСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ БЕЛГІЛЕУДІҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
<i>Matiyeva K.</i> ETHNOCULTURE OF THE VAINAKH PEOPLE IN THE MIRROR OF TRADITIONS	109
<i>Burkhanova D.K., Myrzabekova A.A.</i> THE FOCUS OF SOCIOLOGICAL ATTENTION TO THE TIME CONCEPT	112
<i>Қағазшай А.Қ. Султанова А.М.,</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРІ	117
<i>Шабденова А.Б.</i> СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СТАТУС КАЗАХСТАНСКИХ СЕМЕЙ	121